

Ж.Қ. Идрышева

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, халықаралық қатынастар және әлемдік экономика кафедрасының доценті,
Қазақстан, Алматы қ.

Өнегелі ғұмыр иесі

Алматыдағы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің заңды мақтанышына айналған үлкен бір ғылым мен білім шырағы – бүгінгі халықаралық қатынастар факультеті сол кездегі тарих факультеті жанындағы бөлімнен бастау алғаны баршамызға аян. Мен бүгінде сол бір тарихи шақта оқиға бастауында тұрған профессор Г.Ш. Жамбатырова сынды ұлағатты ұстаздан, ұйымдастырушы ғалымнан білім алғанымды мақтан етемін. Қиындыққа мойымайтын, оны жеңуге машықтанған ғалым-ұстаз университеттегі жаңа ашылған ең жас факультетті аяғынан тік тұрғызғанша аянбай тер төкті.

Гүлжауһар Шағатайқызының сан қырлы еңбектерінің ішінен ерекше атап өтерлігі – Қазақстанда халықаралық қатынастар мамандығының негізін салып, оны білім беру, ғылыми зерттеу бағыты ретінде дербес жолға қоюы болып табылады.

Бүгінде ол кісі негізін қалаған халықаралық қатынастар факультетін бітірген мыңдаған түлек Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінде, шетелдік елшіліктер мен консулдықтарда, Қазақстан Республикасындағы халықаралық ұйымдардың өкілдіктерінде, еліміздің сан-салалы мемлекеттік мекемелерінде, компанияларда ел игілігі үшін еңбек етіп жүр. Сондай-ақ Гүлжауһар Шағатайқызының жетекшілігімен кандидаттық диссертация қорғаған ғылыми жолдағы шәкірттері жоғары оқу орындарында жемісті еңбек етуде.

Гүлжауһар Шағатайқызы орта ғана келген бойына терең білім мен бай мінезді, шексіз ізгілік пен асқан шеберлікті қатар сыйдыра білген абзал жан болатын.

Гүлжауһар Шағатайқызын алғаш рет біз үшінші курста көрдік. Оған дейін өзімізден жоғары курс студенттерінен еститінбіз. Ол

кездері тарих факультетінің сырттай бөлімінің деканы, кейіннен факультет деканы болды. Бізге «XIX ғасырдың 70-жылдарындағы Шығыс мәселесі» бойынша арнайы курстан дәріс оқыды. Бір көргеннен өзінің жоғары мәдениеттілігімен бізді өзіне баурап алды. Аудиторияға кіріп келуінің өзі бір ерекше көрініс еді. Орыс тілді маман болса да дәрісті қазақ тілінде оқуға талпынуы, курс мәселесін түсіндіруде барын салуы, бойындағы бар білімді біздің бойымызға сіңіруге тырысуы, аудиториядағы студенттермен қарым-қатынасы, сөйлеу мәнері, өзін-өзі ұстауы нағыз патриот-педагогтың үлгісі.

Дәріс оқу барысында ол кісі бізге «Сендер еліміздің болашағысындар, елдің ертеңі сендердің қолдарында, егемен қазақ еліне мемлекеттік тілді меңгерген кәсіби мамандар керек» деуден жалықпайтын. Біздің бойымызда осы сөздері арқылы өзіміздің туған елімізге қажеттілік сенімін ұялатып, ізденушілік жұмысқа қызығушылығымызды оятты. «Болмасаң да ұқсап бақ» дегендей, іштей әрқайсымыз апайымызға еліктейтінбіз. Бақыт (Б. Бөжеева) екеуіміз үшінші курстан бастап курс жұмысын, одан кейін диплом жұмысын, кейіннен диссертацияны апайымыздың жетекшілігімен жаза бастадық. Жетекшімнің ғылыми зерттеу бағытына қарай курс және диплом жұмыстарымның тақырыбы Германия тарихымен байланысты болды. Зерттеу тақырыптарымыз бойынша көптеген түсінбей жүрген мәселелер ұстазымыздың кеңесінен кейін айқындалып, ол кісімен әр кездесуден кейін канаттанып қайтатынбыз.

Факультет басшысы ретінде қыруар шаруадан қолы босамай жатса да бізді назарынан тыс қалдырмай студенттік ғылыми жұмыстарымызға бағыт-бағдар беруге уақыт табатын. Бұл кездері Ұстазымыз жаңа мамандық, жаңа факультет ашу

жолында табанды еңбек ету үстінде болатын. Әрине, ол кезде студентпіз, көп нәрсенің байыбына бара бермейміз, бізге тек өз жұмысымыз ғана маңызды еді, ал жетекшіміз тынымсыз болашаққа жол салуда болған екен!

Жаңа факультеттің негізін салумен байланысты қыруар шаруа мен шексіз әкімшілік жұмыстың арасында жас мамандар мен шәкірттеріне міндетті түрде уақыт тауып, бізге ақыл-кеңесін де беріп, қамқорлығын да танытып үлгеруші еді. Қазір ойлап отырсақ соңында өзінің жолын қуып, бастаған ізгі жолын жалғастыратын білікті мамандар дайындап кетуге асыққандай екен. Бұл іскер басшы, абзал ұстаздың көрегенділігі мен ұрпақтың болашағына деген жанашырлығын танытса керек.

«Ұлық болсаң кішік бол» дегендей кісілігі, адамгершілігі ерекше жан үлкенмен де кішімен де тең сөйлесіп, жақын тартып хал-жағдайын сұраудан, көмек қолын созудан, керек болса кеңес беруден, жан жылуын шашудан бір шаршамайтын.

Соңғы курста еңбекке орналастыру бойынша бітіруші түлектерді жұмысқа бөлу жүргізілді. Көбімізді Алматы қалалық білім беру басқармасына жіберді. Оның ішінде мен де бармын. Ендігі мазамызды алған мәселе – қайтсек өз жағымызға (еліміздің әр түкпірінен келген жастармыз), яғни облыстық оқу басқармасына жолдама алу. Осы мәселемен Гүлжауһар Шағатайқызының қабылдауына көмек сұрай бардым. Мені мұқият тыңдап болған соң «елімізге қазақ тілінде білім алған мамандар керек, ал оларды оқытатын қазақ тілінде сөйлейтін, білім

беретін оқытушылар керек», – деп кафедраға жас маман болып қалуымды ұсынды.

Осылайша, оқу бітіргеннен кейін шетелдердің жаңа және қазіргі заман тарихы кафедрасында ассистент болып қалуыма да, кейіннен халықаралық қатынастар және ҚР сыртқы саясаты кафедрасының аспиранты болуыма да, тіпті, жатақханадан жас маман, аспирант ретінде орын алуыма да тікелей себепші болды. Адамның жан-дүниесін сезіне білетін, қиындығы мен қуанышын тең бөлісе алатын жаратылысы ерекше, екінші анамдай болған аяулы жанның арамыздан ерте кеткені өкінішті.

Жамбатырова Гүлжауһар Шағатайқызының бір өзі – білімділіктің, парасаттылықтың, жоғары адамгершіліктің, тектіліктің мектебі. Мен өзімнің осындай ізгілік мектебінен тәлім алу мүмкіндігіне ие болғанымна қуанамын.

Мен үшін Гүлжауһар Шағатайқызы – университеттегі оқытушылық еңбек жолым мен ғылыми өміріме жолдама берген ұлағатты Ұстаз, дара Тұлға.

Гүлжауһар Шағатайқызы! Факультет қабырғасындағы суретіңіздің қасынан өткен сайын әрі қуанамын, әрі мұңаямын. Қуанатыным – өзіңіз негізін қалаған факультеттің өсіп-өркендегені, қанатын кеңге жайғаны, ал мұңаятыным – ортамызда сіздің жоқтығыңыз. Бүгінгі қарбаласқа толы жұмысымыз барысында Сіздің ұстамды, сабырлы келбетіңіз үнемі жетпей тұрады, сол кезде біз жылы жымысыңызды сағына еске аламыз. Бейнеңіз арамыздан алыстаған сайын тұлғаңыз бұрынғыдан да биіктей түсуде.